

References:

1. Tolegen A., Maimataeva A. *Biologiyalyq bilim beru arqyly studentterdiñ praktikalyq quzyrettiligin qalyptastyrudyni erekshelikteri.* // *Abai atyndaғы QazҰПУ-ñ Khabarshysy. «Pedagogika gylymdary» seriyasy.* –Almaty, 2024. –№ 4(84). –240-249 bb.
2. Slatenin V.A. *Pedagogika.* –Moskva: Akademiya, 2004. –S. 78-80.
3. Mulder M. *Conceptions of professional competence* // *International Handbook of Education for the Changing World of Work.* –Springer, Dordrecht, 2009. –pp. 107-118.
4. Serikov V.V. *Obrazovanie i lichnost': teoriya i praktika proektirovaniya pedagogicheskikh sistem.* –Moskva: Logos, 1999. –272 s.
5. Smith J. *Educational Innovations in Digital Learning.* –Monmouth University Press, 2020. –150 p.
6. Nazarbaev N.A. «Qazaqstan-2050» Strategiyasy: *Qalyptasqan memlekettiñ jaña sayasi baғыty. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidentiniñ Qazaqstan halqyna Joldauy.* –Astana, 2012. –40 s.
7. *Qazaqstan Respublikasında bilim berudi және ғылымды damytudyni 2020-2025 jildarğa arnalğan memlekettik baғdarlamasy. Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2019 jylғы 27 jeltosandaғы №988 qaulysymen bekitilgen.* –Nur-Sultan, 2019. Qaralğan küni: 29.01.2025.
8. José Luis G., José A.A., Susana R., Pedro P.G., Margarita R.P. *Enhancing Employability Skills of Biology Graduates through an Interdisciplinary Project-Based Service-Learning Experience with Engineering and Translation Undergraduate Students.* // «*Education Sciences*, 2024. –№14(1), 95. <http://dx.doi.org/10.3390/educsci14010095>
9. García-González E., Jiménez-Fontana R., Azcárate P. *The use of virtual laboratories in biology education* // *Education Sciences*, 2021. –Vol. 11(8). –P. 399. DOI: 10.3390/educsci11080399.
10. Chen Y., Huang L., Wu T. *Augmented reality in biology teaching: a meta-analysis* // *Journal of Science Education and Technology*, 2022. –Vol. 31. –pp. 815-832. DOI: 10.1007/s10956-022-09976-1.
11. Isakov M. S., Nurpeisov G. A. *Biologua. 10-synyp: jalpy bilim беретin mektepterge arnalğan oqulyq.* –Almaty: Mektep, 2019. –320 b.
12. Fujii T. *Designing and adapting tasks in lesson planning: A critical process of lesson study* // *ZDM Mathematics Education*, 2016. –№48. –pp. 411-423. DOI: 10.1007/s11858-016-0770-3.
13. Holbrook J., Rannikmäe M. *The Nature of Science Education for Enhancing Scientific Literacy* // *International Journal of Science Education*, 2017. –Vol. 39(2). –pp. 145-164. DOI: 10.1080/09500693.2016.1255189.
14. Akin A., Kutluca T. *Implementation of CLIL and EMI in biology education in Turkey: Implications for teacher training* // *Journal of Language and Linguistic Studies*, 2020. –Vol.16(2). –pp. 782-798.
15. Demirbaş M., Yağbasan R. *STEM-oriented biology education in Turkey: A case study in ecology and biodiversity conservation* // *Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education*, 2021. –Vol. 17(9).
16. Yildirim A. *The role of field studies in developing research skills of biology students in Turkey* // *Journal of Biological Education*, 2019. –Vol. 53(3). –pp. 320-332. DOI: 10.1080/00219266.2018.1490689.

МРНТИ 14.37.27

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.87.3.027>

А.Б.Жапарова,<sup>1</sup> \*  А.Т.Мырзахметова,<sup>1</sup>  Р.Т.Қалдыбаева<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ФОЛЬКЛОРДЫ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ӘДІСНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### Аңдатпа

Қазақ фольклоры – мәліметтерді ауызша таратуға негізделген біртұтас коммуникативтік жүйені құрайды. Фольклор мәтіндерінің жанрлық өлшемдері оның тұрмыста пайда болуы және тұрақты қолданыс формалары арқылы анықталады. Сонымен қатар, фольклорды ауызша халық шығармашылығы жанрларының жиынтығы деп қана түсінбеу керек, оны қоршаған ортаға деген көзқарастар жиынтығы, дәстүрлі мәдениеттің әртүрлі қырларынан көрініс табуы деп бағалаған жөн. Сондықтан, ауызша халық шығармашылығы жанрларымен қатар халықтық мәдениеттің мифология, әдет-ғұрып, болмыс, тіл секілді өзге де қырларына ерекше мән беріледі.

Қазақстанда фольклорды жоғары мектепте оқыту мәселелері өткір тұр. Оны заманауи технологиялар мен әдіснамалық тәсілдер арқылы оқыту мәселесіне жіті көңіл бөлінбеуде. Қазақстанның қазіргі білім және ғылым жөніндегі стратегиялық бағдарламаларына сәйкес жоғары оқу орындарында фольклорды студент жастарға оқыту жалпыұлттық мәселеге айналып отыр. Студент жастардың бойында отансүйгіштік қасиетті арттыру үшін фольклор мұраларының тигізер септігі орасан. Ал фольклорлық шығармалардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызы өте зор болмақ.

Осыған орай, бұл мақалада, Қазақстанның жоғары мектебіндегі фольклорлық таным үдерістеріне шолу жасалып, студент жастардың фольклорлық мұраны меңгеруде жаңа технологияларға деген көзқарастары анықталады, оның әдіснамалық қырларына жіті көңіл бөлініп, игеру мәселелері сөз болады.

**Түйін сөздер:** заманауи оқыту технологиялары, әдіснамалық аспектілер, оқыту әдістері, педагогикалық технологиялар, қазақ фольклорын оқыту.

Жанарова А.Б.,<sup>1\*</sup> Мырзахметова А.Т.,<sup>1</sup> Қалдыбаева Р.Т.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан

## СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОБУЧЕНИЯ ФОЛЬКЛОРУ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

### Аннотация

Казахский фольклор представляет собой единую коммуникативную систему, основанную на устном распространении сведений. Жанровые специфики фольклорных текстов определяются их происхождением в быту и формами постоянного употребления. При этом фольклор следует понимать не только как совокупность жанров устного народного творчества, его следует оценивать как совокупность взглядов на окружающую среду, отражением в различных аспектах традиционной культуры. Поэтому, наряду с жанрами устного народного творчества особое внимание уделяется и другим аспектам народной культуры, таким как мифология, обычаи, бытие, язык.

В Казахстане остро стоят вопросы преподавания фольклора в высшей школе. Не уделяется пристального внимания вопросам его обучения с помощью современных технологий и методологических подходов. В соответствии со стратегическими программами Казахстана по современному образованию и науке обучение фольклору студенческой молодежи в высших учебных заведениях становится общенациональным вопросом. Для повышения патриотических качеств у студенческой молодежи большое значение имеет фольклорное наследие. А фольклорные произведения имеют огромное значение в формировании национальной идентичности.

В этой статье будет проведен обзор процессов фольклорного познания в высшей школе Казахстана, выявлен взгляд студенческой молодежи на новые технологии в освоении фольклорного наследия, уделено пристальное внимание его методологическим аспектам и освещены вопросы освоения.

**Ключевые слова:** современные технологии обучения, методологические аспекты, методы обучения, педагогические технологии, преподавание казахского фольклора.

Zhaparova A.,<sup>1\*</sup> Myrzakhmetova A.,<sup>1</sup> Kaldybaeva R.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## MODERN TECHNOLOGIES AND METHODOLOGICAL ASPECTS OF TEACHING FOLKLORE IN HIGHER EDUCATION

### Abstract

Kazakh folklore is a unified communication system based on the oral dissemination of information. Genre specifics of folklore texts are determined by their origin in everyday life and forms of constant use. At the same time, folklore should be understood not only as a set of genres of oral folk art, it should be evaluated as a set of views on the environment, reflected in various aspects of traditional culture. Therefore, along with the genres of oral folk art, special attention is paid to other aspects of folk culture, such as mythology, customs, being, language.

In Kazakhstan, the issues of teaching folklore in higher education are acute. Close attention is not paid to the issues of his training with the help of modern technologies and methodological approaches. In accordance with the strategic programs of Kazakhstan on modern education and science, teaching folklore to students in higher educational institutions is becoming a national issue. Folklore heritage is of great importance for improving the patriotic qualities of students. And folklore works are of great importance in the formation of national identity.

This article will review the processes of folklore cognition in the higher school of Kazakhstan, identify the view of students on new technologies in the development of folklore heritage, pay close attention to its methodological aspects and highlight the issues of development.

**Keywords:** modern teaching technologies, methodological aspects, teaching methods, pedagogical technologies, teaching Kazakh folklore.

**Кіріспе.** Жаһанданумен жарысып, әлемдік өркениетке қосылу жолында тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-әдеби дамуындағы жаңа баста-

малар мен түбегейлі өзгерістер ғылым және білім беру жүйесіне де өзінің оңды әсерін тигізіп жатыр. Жаңа саяси парадигма негізінде жаңарып жатқан қазақ білімі әлемдік білім стандарттарына қарай бет түзеді. Тәуелсіздік кезеңінде жасалып жатқан реформалар білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіруде тың ізденістер жасауға мол мүмкіншілік туғызып отыр. Н.Назарбаевтың 2017 жылғы халыққа жолдауындағы төртінші басымдық ретінде адами капитал сапасын жақсартуға арнағандығы белгілі. Онда: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлін өзгерту. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға дағдылану» деп атап көрсетеді [1].

Қазіргі заманның көз ілеспес қарқынды даму динамикасы негізінде білім беру саласы да өзіндік өзгерістерге ұшырап жатыр. Дәстүрлі оқыту әдіс-тәсілдері уақыт талабына сай болмағандықтан, заманауи оқыту технологиялары білім беру саласында негізгі бағытқа айналды. Оқытудың заманауи технологиялары мен әдіснамасының бағыттары кеңі түсті. Әсіресе, интерактивті тақта, компьютер, планшет секілді оқытудың электрондық құралдары қазіргі білім беру процесін жеңілдетіп қана қоймай, білімгерлердің мәліметтерді терең меңгеруіне де ықпал етуде.

Заманауи оқыту технологияларының қашықтан оқыту, мобильді оқыту, онлайн-курстар, интерактивті оқыту секілді түрлері білім беру әдіснамасына еніп, қазіргі білім беру үдерісінің ажырамас бөлшегіне айналып отыр. Соның ішінде әдеби білім беру процесі де бар.

Қазіргі білім беру технологияларының арнасы кеңі түсті. Педагогикалық технологиялар мен оқыту технологияларының түрлі әдіс-тәсілдерін жан-жақты зерделеп, оны оқу процесіне енгізіп жүрген орыс ғалымдары С.Соловейчик, Ш.Амонашвили, Г.К.Селевко, В.Ф.Шаталов, А.В.Хуторской, А.Д.Король, Е.В.Бондаревская еңбектері заманауи оқыту үдерісіне өз септіктерін тигізуде. Ал қазақ педагог-ғалымдары С.Ұзақбаева, С.Қалиев, М.Балтабаев, Қ.Ералин, К.Әмірғазин, Ж.Наурызбай, К.Қожахметова, Ә.Табылдиев, Қ.Бөлесев, Ө.Озғанбай, З.Әбілова, Р.Төлеубаева, А.Ильясова, Қ.Қ.Шалғынбаева, К.Ж.Ибраева, А.Көбесов, Г.М.Храпченков, Г.Хаметова, Т.Әлсатов, М.Тәнекеев, Ш.Құлманова және Қ.О.Бітібаева еңбектері классикалық үлгіден заманауи оқыту технологияларына трансформацияланды.

Заманауи білім беру үдерісінде рухани байлығы мол, адамзат баласын тура жол мен толымды тәрбиеге бағыттайтын фольклор ғылымының тағылымы ерекше екендігі белгілі. Оны оқып-үйрену мен үлгі-өнеге алуда жаңа ізденістерге кіріскеніміз абзал.

Қазіргі тәуелсіз мемлекет жағдайында фольклор ұғымы кең ұғымда қолданыла бастады. Академик С.Қасқабасовтың пікірінше халық музыкасы, халық биі, халық өнері, халық театры, халық әдебиеті, халық қолөнері, ырымдар мен ғұрыптар, салттар мен нанымдар фольклор ғылымы шеңберінде қарастырылып, әлемдік фольклор түсінігіне жақындай түсті. Әйтпесе, кеңестік кезеңде ол тек ауыз әдебиеті үлгілері ретінде ғана қолданыс тауып, оның ауқымы тарылып келген еді. Ғалым халық әдебиеті деген атаудың әлем қабылдаған фольклор ұғымын толық бере алмайтындығына баса назар аударады.

Фольклордың синкретті, атқарар қызметінің әралуандылығы тұрғысынан пайымдағанда, бұл руханияттың адамзат дамуының барлық саласында өте пайдалы екендігін атап өтуіміз қажет. Ол тек адам өмірінің тұрмыс-тіршілігінде ғана емес, көркемдік әлемінде, халық руханиятында, эстетикалық талғамы мен идеологиялық танымында да өзіндік із қалдырады. Фольклор бірнеше дәуірдің, әртүрлі қоғамның жемісі болғандықтан ол көпқатпарлы, көпсатылы, көпмағыналы және көпқырлы [2; 9].

Қазіргі заманауи қазақ тұрмысында фольклор үлгілері өте белсенді түрде қолданысын жалғастырып келеді, алайда біз кейде оның терең тарихи маңызын елей бермейміз. Соның ішінде, қазақтың тұрмыс-салт жырлары ежелден қазақ тұрмысымен біте қайнасып келеді. Сонау түркілік кезеңнен бастау алып, қазіргі заман аралығында қазақтың тұрмыс-салт жырлары түрлі өзгерістерге түсіп, жинақталып, толығып, байи түсті. Әртүрлі мерәсімдерге арналған мұндай өлеңдер қазақ руханиятының айнасына айналып үлгерді. Олардың жанрлық спецификасының өзі тарам-тарам, сан-салалы.

Фольклор – тек қана ел арасына тараған ауызекі шығармалар емес, ол халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабаларының шығарып, пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханияты. Фольклор үнемі қолданыста болғандықтан, ол – адамдар тұрмысының қажетті бөлшегіне, атрибутына айналған.

*Негізгі ережелер.* Жалпы алғанда, фольклор – ұлттық әдебиет пен өнердің алдыңғы басқышы, бастауы екендігін теориялық тұрғыдан алғаш зерттеп, дәлелдеген Еуропаның ағартушылары еді. Ағартушылар ә дегеннен Жаңғыру дәуірінің рухы мен идеясын қабылдап, халық поэзиясының, жалпы мәдениетінің ұлттық әдебиет пен өнердің туып, дамуындағы рөліне көп көңіл бөлді. Бұл әсіресе, М.Монтень мен Д.Виконның, Ж.Ж.Руссо мен И.Гердердің еңбектерінде айқын көрініс тапты [3; 11].

Әрине, біз бұл жерде фольклордың жеке-дара дамып, ешқандай ғылыммен байланысы болмады деген пікірден аулақпыз. Фольклор мен әдебиет етене байланысып, алғашқы ауыз әдебиеті үлгілері ретінде фольклордың жанрлық түрлері белгілі бола бастады. Кейін ол ұлттық әдебиеттің негізгі қайнар көзіне айналды. Фольклорлық шығармалар арқылы кейде әдебиеттің дәуірлерін анықтауға да мүмкіндік жасалды. Фольклордың халық мәдениетіндегі рөлі де айқындала түсті. Оның халық мәдениеттің түрлі саласындағы ықпалы сезілді және сол қарым-қатынастарды анықтауға бағытталған зерттеулер көбейе түсті. Фольклор мен әдебиет саласындағы тың зерттеулер - фольклорды оқыту концепциясын қалыптастырды.

**Материалдар мен әдістер.** Мақала жазу барысында қажетті деректерді дайындау үшін тақырыптың көлеміне, өзектілігіне және мәліметтердің әралуандылығына баса назар аударылды. Тақырыптың методологиялық негізін қазақ, орыс және түрік тілдеріндегі әдебиеттер құрап отыр. Қарастырылатын негізгі тақырып – фольклорды жоғары мектепте оқытудың заманауи технологиялары мен әдіснамалық аспектілері мәселесі.

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт бедерінде қазақтың фольклорлық мұрасын зерттеу мен оқытудың ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік бағытын түбегейлі қарастырып, жанаша зерделеу ісі қолға алына бастады. Фольклорлық мұраны оқытудағы мақсат - заманауи оқыту технологияларын оқу ісіне енгізу арқылы болашақ ұрпақтың ұлттық құндылықтардан нәр алып, патриоттық рухы мен ұлттық санасының жаңғыруына ықпал ету.

Тақырыпқа қатысты әдебиеттерді саралауда қазақ ғалымдарының іргелі зерттеулері мен ұжымдық зерттеулер негізге алынды. Оларды мақала жазу барысында ғылыми талдаудан өткізу - зерттеудің басты міндеттерінің бірі болды. Қазақ тіліндегі еңбектердің арасында айрықша С.А.Қасқабасов пен Ж.Ә.Аймұхамбеттің «Қазақ фольклоры» (2019), Б.Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» (1974), Қ.О.Бітібаеваның үш томдық «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» (2015), Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» (1991), М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1974), К.Әбілқасымов пен А.Тамаевтың «Қазақ фольклористикасы. Мектеп мұғалімдері мен студенттерге арналған хрестоматия» (2007), С.Ақатай, Н.Адамқұлов, З.Жақышеваның «Қазақтың фольклорлық ұлағаты» (2011), К.Ісләмжанұлының «Қазақтың отбасы фольклоры», Ғ.Аманованың «Халықтық педагогика – даналық мектебі» (2012), М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Қазақ фольклористикасының тарихы: революцияға дейінгі кезең» (1988), «Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті» (2011), «Шетелдегі қазақ фольклоры» (2014) атты шығармаларына иек арттық.

Ресей фольклористикалық зерттеулер мектебі әлемдегі үздік мектептер санатынан болғандықтан, орыс ғалымдарының кейінгі кездегі фольклорлық мұраға деген көзқарастарын сараптау қызықты тұжырым жасауға өз септігін тигізері сөзсіз. Орыс ғалымдары А.Ю.Никитченков, В.П.Сергеев, Д.В.Абашева, О.М.Кузьминаның фольклорды оқыту технологияларына қатысты зерттеу еңбектері де тақырыбымызды ашуда пайдалы болды.

Қазіргі таңда Түркияда фольклорлық (түрікше «халық білімі») мұраға деген қызығушылық өте жоғары, ал оны оқыту мәселелері екінші бір бағытты құрап отыр. Түркияның жоғарғы оқу орындарында фольклорды оқыту мәселесі өте жақсы жолға қойылған. Түрік ғалымдары Бекки Салахаддин, Өзкүл Чобаноғлы, Иса Өзкан, Незир Темурдың зерттеу мақалары қарастырылып, тақырыбымызға қатысты тұстары сараланды.

Сонымен қатар зерттеу мақаланы жазуда отандық ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары қолданыс тапты. Ғылыми мақалада тарихи-салыстырмалы, сипаттау, баяндау, саралау, тұжырымдау және жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен бірге интернет материалдары да мақаланың жазылуына өз септігін тигізді. Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда тақырыптың өзекті мәселелерін объективті түрде шешуге талпыныс жасалды.

**Нәтижелер мен талқылау.** Тақырыбымызға қатыстылығы жағынан сөз болып отырған мәселенің бастауында фольклорды жоғары мектепте оқытуда қолданылатын жаңа технологиялар мен әдіснамалар тұрғандығын айта кетейік. Қазақстанда фольклорды зерттеу ісі ешқашан кенже қалған емес. Кеңестік кезеңде саяси-идеологиялық тұрғыдан қайсібір тұстарын тереңірек зерттеуге тыйым салынса да, қазір оларды ғылыми бағытта тәптіштеп зерделеу орынды жүріп жатыр. Тек, фольклорлық мұраларды оқыту мәселесінде, соның ішінде жоғары оқу орындарында оқыту ісі әлі күрделі болып тұр. Жоғарғы оқу орындарында, соның ішінде филологиялық, лингвистикалық, шетел филологиясы, аударма ісі мамандықтарын оқытатын оқу орындарында фольклорға арналған дәрістер тек шолу сипатында жалғасып жатыр және ол тек жалпы фольклор тарихы көлемінде оқытылуда. Ал тұрмыс-салт жырларын жеке пән ретінде оқыту мәселесі мақсатты нысанға айнала қойған жоқ.

Жалпы, қазақ фольклоры туралы ғылым XVIII ғасырдан, Қазақстанның Россия құрамына өз еркімен қосылуы басталған кезден бері қарай пайда болды [4; 6]. Сөйтіп, оның түрлі үлгілері жинақталып, орыс ғалымдарының ғылыми экспедициялары негізінде дами түсті. Қазақ топырағынан шыққан ұлы ойшылдар мен ғалымдар да қазақ фольклорының дамуына ерекше еңбек сіңірді. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Әбубәкір Диваев сынды интеллектуалдардың қазақ мәдени-фольклорлық мұрасын жинақтап, ғылыми айналымға енгізуі және оның кең таралып, жалпыұлттық сипат алуына сіңірген қызметтері өлшеусіз.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы әлемдік білім беру кеңістігінде үлкен өзгерістер орын алып жатыр. Бұл өзгерістер ғылым мен технологияның шапшаң әрі қарқынды дамуы салдарынан жылдам өзгерістерге түсіп отыр. Жаңа технология деп танылған оқыту тәсілдері бес-он жылда жаңа сипат алып, жаңғырып отыр. Дегенмен, олардың қай қайсыда белгілі бір дәрежеде оқытудың ілгері дамуына өз септігін тигізуде.

Қазақстанның жоғарғы мектебінде фольклорлық мұраны оқыту сол бір жаңғыру үдерісінің үдесінен шығуды көздейді. Осы уақытқа дейін мектеп қабырғасында түрлі сыныптарда оқытылатын фольклорлық мұралар әртүрлі тәсілдермен оқытылып келеді. Әр мұғалім фольклорды оқытуда өзі үйренген әдіс-тәсілдерді өз пайымына қарай құрастырады. Мектеп қабырғасында оқытылып жатқан фольклорлық үлгілер белгілі бір дәрежеде өзінің арнасын тапты десек те, мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы өзара байланыс пен оқыту жүйелілігі әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Кез келген жүйенің құрылымы оның компоненттерін ғана сипаттап қоймайды, сондай-ақ олардың арасындағы байланыстарды да қарастырады. «Педагогикалық жүйеде кем дегенде екі жұп өзара шартты байланыс болады. Компоненттер арасындағы қандайда бір жұпты байланыстың үзіліп қалуы күллі педагогикалық жүйеге өзінің теріс ықпалын тигізеді» [5; 18]. Сондықтан да, фольклорды оқыту жүйесінде жүйе компоненттерін үйлестіретін байланыстың болуы қажет-ақ.

Жаңа технологияларды меңгере отырып, мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы фольклорды оқыту байланысындағы жүйелілікті қалыптастыра отырып, жаңа ұстанымдарды дамыту керек. Осы орайда орыс ғалымы А.Ю.Никитченков фольклор пәнін оқытатын педагогты дайындауда филологиялық және әдістемелік тұтастығы мен іргелілігін қамтамасыз ететін мынадай өзара байланыстарды атап көрсетеді:

- *Филологиялық және әдістемелік бағыттағы пәндердің (модульдар) өзара байланысы.* Мұндай өзара байланыстар жоғары білімнің желілі жүйесіне қайта оралу дегенді білдірмейді. Оның барлық деңгейлі сипаты мен баламалылығын ескере отырып, студенттер фольклорды

оқытудың теориясы мен әдістемесіне қатысты іргелі дайындықтан өту мүмкіндігіне ие болуы керек.

- *Фольклор теориясын оқыту мен ауызша поэтикалық шығармашылық үлгілерін талдау практикасы арасындағы өзара байланыс.* Мұндай өзара байланыс – студенттердің фольклор теориясын ауыз әдебиеті шығармаларын оқу және оны интерпретациялау үдерісімен байланыстыра қолдануда және оқыту әдістемесін меңгеруде өзінің қабілетін бір мезетте дамыту тұрғысынан өте тиімді. Мұндай жағдайда студенттердің оқу қызметі мектеп оқушыларына әдеби білім беру ісін ұйымдастыруда кәсіби қызмет үшін сенімді негіз болмақ. Студенттердің ауызша поэтикалық шығармаларды оқып білуі арқылы фольклористиканың теориялық аспектісін меңгеруі – өзінің оқу қызметін әдістемелік жоспарға айналдыруына және оқу тәжірибесін кәсіби мақсаттарға жұмсауына мүмкіндік береді. Осының барлығы студенттердің бойында мынадай жалпы кәсіптік құзіреттіліктерді қалыптастырады: өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңызын сезінуі, кәсіби қызметін жүзеге асыруда белгілі бір мотивацияларға ие болуы, әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу кезінде гуманитарлық, әлеуметтік және экономикалық саладағы жүйелі теориялық және практикалық білімді қолдана білу қабілетінің болуы.

- *Фольклористика тарихы мәселелерін зерттеу мен бастауыш мектепте фольклорды оқыту тарихы арасындағы өзара байланыс.* Халық ауыз әдебиеті үлгілері мектеп практикасына ана тілін оқыту барысында, яғни филология ғылымының оған көңіл бөлу деңгейімен өлшеніп, енген болатын. XIX ғасырда фольклорға деген ғылыми-қоғамдық көзқарастың артқандығынан кейін халық ауыз әдебиеті үлгілері оқу материалы ретінде мектеп оқулықтары мен хрестоматияларында пайда болды. Фольклористикадағы ғылыми бағыттар күресі мектеп пәндерінде де көрініс тапты. XIX ғасырдың 60-70 жылдары халық ауыз әдебиеті үлгілері бастауыш мектептерге арналған оқу кітаптарына белсенді әрі нық орнығады, алайда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында оны оқу материалы ретінде қолдануда біркелкілік байқалмайды. Кеңестік бастауыш мектептегі түсіндірмелі оқу жүйесі жалпы алғанда халық ауыз әдебиеті шығармаларын оқыту әдістемесінің дамуын тежеді. Фольклорлық жанрларды түсіндірмелі оқыту ұсыныстарының шеңбері негізінде ертегілермен, яки кіші жанрлармен шектелді. Оқушылар әдеби және ауызша поэтикалық шығармаларды аралас түрде қабылдап жатты. Бастауыш сынып оқушыларының идеялық-адамгершілік тәрбиесіне бағытталған түсіндірмелі оқу сабақтары жалпы алғанда оқушылардың жеке фольклорлық жанрлардың ерекшеліктерін түйсінуіне мүмкіндік бермеді. Оқушылардың қиялы сөз мәдениетінің екі ұшы ретіндегі бір құбылысты, яғни дәстүрлі және қазіргі фольклорды сабақтастыра алмады. Оқу-әдістемелік материалдарды талдау студенттерге мына бір жәйттерді байқауға мүмкіндік береді: XX ғасырдың 60-70 жылдарында бастауыш мектептерде оқыту әдістемесін дамытудың жаңа кезеңі басталды, ал бұның, бастауыш сыныптарда әдебиетті оқытудың қазіргі жүйесінің жағдайына тікелей қатысы бар. Көптеген идеологиялық мәтіндер оқулықтардан алынып тасталды, ал олардың босаған орны түпнұсқа көркем шығарма мәтіндері һәм фольклорлық үлгілермен толтырылды. Әдеби білім мен баланы дамытуға бағытталған әдеби оқу әдісі дәстүрге айналған түсіндірмелі оқу әдісін ығыстырып шығарды. Фольклорды оқу материалы ретінде пайдалану - қазіргі фольклористиканың жетістіктерін, бала субмәдениетінің ерекшеліктері мен оқушылардың психологиялық өзгешеліктерін, балалар әдебиеті мен фольклордың өзара тығыз байланысын есепке ала отырып жүзеге асырылды. Фольклористика тарихы мен фольклорды оқыту тарихы мәселелерін өзара байластыра оқыту ісі студенттердің назарын аударуда. Ал бұл дегеніңіз студенттердің кәсіби дағдысымен қатар «қозғаушы күштерді түсіну қабілеті, тарихи үдерістің заңдылықтары, адамның тарихи үдерістегі орны, қоғамды саяси ұйымдастыру» секілді болашақ педагогтың жалпымәдени құзіреттілігін қалыптастыруға оң ықпал жасауда [6; 112].

- *Фольклор – көркем сөз мәдениетінің бір бөлішегі ретінде ерекше қасиеттерге ие.* Фольклордың ерекшелігін бастауыш білім беру педагогын дайындау үдерісі кезінде һәм теориялық, һәм әдістемелік мәселе ретінде қарастырған абзал. Фольклордың қарапайым қағидалары мен ұғымдарын түсіне алмаған бастауыш сынып мұғалімі маңызды әдістемелік қателіктер жіберуі мүмкін. Филологиялық және әдістемелік дайындық үдерісі кезінде студенттер

ауызша көркем шығармашылықтың екі бұтағы ретінде фольклор мен көркем әдебиетті бөліп тұрған өздеріне тән ерекшеліктерін анықтап алу мүмкіндігіне ие болады.

Көркем әдебиет – жеке, авторлық шығармашылық, ал, фольклор – ұжымдық шығармашылық. Ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің арасындағы басты айырмашылықтың бірі, - дейді В.Г. Белинский, - жеке авторлардың болу-болмауына байланысты. Және де өз дәуірінің, бүкіл халықтың рухын білдіретін жеке авторлардың шығуы экономиканың дамыған, қоғамдық ой-сананың ұлғайып өскен кезінде болады; экономиканың дамуы мәдениеттің, техниканың өсуіне ықпал жасайды, жазу өнерін шығарады, кітап басу ісінің тууына әсер етеді; осыдан былай жеке авторлардың шығармалары жұртқа жазу үлгісінде, баспа арқылы тарайтын болады [7; 8].

Осы бір фактіні мұғалім оқыту барысында әркез астын сызып айтып отыруы керек. Балалар әдебиеті шығармаларын оқу кезінде ойын сан-саққа жүгіртетін жас оқырман шығарма авторын тұлға ретінде қабылдап, онымен диалог құруға тырысады. Фольклорлық шығармаларға жанасу кейде мұндай диалогтарды жөнсіз етеді, өйткені олардың мазмұны мен пішінін көп жағдайда архаикалық ұжымдық сана анықтайды. Оның үстіне, фольклорды әдебиетке қарағанда ауызша тарайтын үлгі дедік. Ауызша-поэтикалық шығармалардың табиғатының өзі сондай, оны жазбаша үлгіге түсіруге келмейді. Олардың жазбаша түрде кітаптарға енуін жас өрендерге түсіндіріп отыру керек. Ол үшін ауызша үлгілерді жинақтаушылар мен басып шығарушылар туралы деректер беріп отырған жөн. Әсіресе, олардың арасындағы атақтыларын атап өтіп, суреттерін көрсетіп және олар шығарған жинақтарды таныстырған абзал. Фольклорға көпнұсқалылық тән.

Ауыз әдебиетін жазба әдебиеттен ерекшелеп тұратын бір айырмашылық – ауыз әдебиеті шығармаларында варианттардың көп болуы. Бір-біріне жалпы мазмұны, оқиға желісі, кейіпкерлердің аттары ұқсас келетін шығармаларды бір шығарманың туынды түрі, яғни варианты десек, бұл ауыз әдебиетінде көп кездеседі. Мысалға, «Қобланды батыр» жырының қазіргі күнде 28 варианты бар [8; 8]. Олардың жалпы мазмұны, оқиға желісі, басты кейіпкерлерінің есімдері бір-біріне ұқсас келеді. Ал енді оған түркі халықтарында да кездесетін варианттарын қосыңыз. Көпнұсқалылықтың басты себебі, ауыз әдебиетінде туындының ауызша шығарылып, халыққа ауызша айту арқылы тарауына байланысты. Балалар әдебиетін оқыту кезінде қазақ фольклоры шығармаларының жекелеген варианттарына салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау студенттермен бірге атқарылғандығы жөн. Әрине, мектеп қабырғасында әдеби оқудың оқу бағдарламасында фольклордың варианттарын оқыту ісі қарастырылмаған. Дей тұрғанмен, балалардың түрлі ертегілер, мақал-мәтелдер, аңыз-әпсаналар, батырлар жырын оқу кезінде олардың түрлі варианттарының болатындығынан сөз еткен өте орынды болмақ. Өйткені, бұл мәселе олардың алдынан шығатын болады. Сол кезде оқушы олардың варианттары болатындығын немесе өзге де туыстас халықтарда варианттары сақталатындығын білгені абзал. Оның үстіне, фольклор – синкретті өнер. Онда көркем әдебиетке тән емес мәтіннен тыс элементтер де қолданылады: тұрмыс-салттық әрекеттер, интонация, әуен, би, бет-әлпет кимылдары т.б. Фольклордың өзіне тән қасиеттері мен оны оқыту ерекшелігін ескере отырып, мектептегі педагогикалық білім беру бағдарламасын құрастырушыларға мынадай қосымша күзiреттiлiктi қосуларын ұсынамыз: мектептегі қазіргі білім беру үдерісінде фольклорды оқытудың теориясы мен әдіснамасы бойынша жаңаша тәсілдерді қолдануға дайындық жасау.

- *Фольклор мен әдебиетті оқытудағы өзара байланыс.* Бұл, ең алдымен, әдеби білім берудің тұтастығы мен студенттердің дамуын қамтамасыз етеді. Фольклор мен әдебиет - синхрониялық көзқарас тұрғысынан - сөз мәдениетінің екі түрлі типі ретінде қарастырылып қана қоймай, сондай-ақ, диахронды тұрғыдан да екі кезең, екі саты ретінде де қарастырылуы мүмкін. Оның алғашқысы (фольклор) кейінгісінің (мәдениеттің тарихи дамуындағы әдебиет) жалғасы іспеттес деп түсініледі. Бұл эволюциялық аспект - яғни фольклордан әдебиетке қарай бетбұрыс көзқарасы – мектептегі әдеби оқу сабағының оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы мен мазмұнында жиі жүзеге асып отыр. Жекелеген жағдайларда мұндай бірізділік тек формальды сипатта болуы мүмкін, яғни оқулық «халық ауыз әдебиеті» деген бөлімнен басталуы ықтимал, алайда оқушылар фольклор мен әдебиет арасындағы өзара байланысты шын мәнінде

қадағаламауы мүмкін. Әрине, мұндай оқиғалар кейде күтпеген әдістемелік шешімдерге де әкелуі ғажап емес. Айталық, фольклор материалдары негізінде оқушылар сөз өнері шығармаларының көркемдік форма заңдылықтарын терең түйсінуді немесе әдеби мәтіндегі фольклорлық-мифологиялық мотивтердің жүзеге асуын жіті байқауы мүмкін. Жоғары оқу орны студенттерінің фольклор мен әдебиетті өзара шартты түрде байланыстыра оқуы арқылы олардың түрлі білім беру ұйымдарында базалық және элективті пәндердің оқу бағдарламаларын құрастыруы мен оны жүзеге асыруы секілді қабілеттерін арттыруы ықтиял.

- *Фольклор мен мифологияны оқытудағы өзара байланыс.* Ұстаздың әлемнің мифологиялық және мифопоэтикалық моделі туралы терең білуі – фольклорды негізгі базалық мәдени құндылық ретінде түсінуге, ауызша поэтикалық шығармалардың түпкі мәнін анықтауға, олардың тарихи-мәдени үдерістердегі рөлін айқындауға, қазіргі қоғамдық өмірдегі қажеттілігін зерделеуге мол мүмкіндік береді. Әрине, мифопоэтикалық мәтіндер мен мифологиялық мәдениеттің мектеп қабырғасында оқытылуы керек пе деген мәселе қазіргі әдістеме ғылымында өте өзекті, әрі көпмағыналы. Қайсібір көзқарасты жақтап, оны дәлелді түрде сипаттау үшін оқытушының өзі мәдени контекстегі сол шығармаға сәйкес келетін мифопоэтикалық мәтін арқылы ара салмақты анықтап алатын білім мен білікке ие болуы қажет. Әртүрлі халықтар фольклорының мифологиялық ортақтығы байланыстырушы қызмет атқаратындығын білген өте маңызды. Ол мектеп оқушысының әртүрлі дәстүрдің ауызша поэтикалық шығармаларын түсінуде біріктіруші күшке айналады. Әртүрлі халықтардың фольклорына тән сипаттамаларды, яғни біркелкі мотивтер мен образдарды бақылау – қазіргі мәдениеттердің түпкі бірілігін жете түсінуде маңызды фактор болмақ. Сондықтан да, фольклор мен мифологияны өзара сабақтастыра оқыту арқылы мұғалімнің мынадай жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігі туындайды: педагогтің өзге де кәсіби қабілеттерімен қоса, мәдениеттің мәнін адам өмір сүруінің формасы ретінде түсінуді, өзінің атқарып жатқан қызметінде базалық мәдени құндылықтарды, толеранттылық, диалог және ынтымақтастықтың қазіргі заманауи ұстанымдарын басшылыққа ала отырып жалпымәдени күзіреттіліктерін қалыптастырады.

**Қорытынды.** Соңғы кезде педагогикалық технология өзгерістеріне ғалымдардың қызығушылығы арта түсті. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқу үдерісінде пайдалануға байланысты көптеген зерттеу еңбектері жүзеге аса бастады. Білім мазмұнын жаңарту қажеттігіне сай ең озық технологияларды жүйелі түрде қолдану – өркениетті елдер қатарына енудің бірден-бір жолы болмақ. Әлемдік және қазақстандық ғалымдар ғылым мен тәжірибені ұштастыра зерттеп, жаңа педагогикалық технология үлгілерін тиімді қолданудың жолдарын барынша нақты түрде көрсетіп келеді. Әсіресе, мектептерде оқытудың әртүрлі жаңа технологиялары пайдаланылып, сабақ үдерісінде қолданылып келеді. Олардың көбін жоғары оқу орындары студенттеріне де қолданған орынды болмақ. Мысалы үшін бағдарламалы оқыту, дамыта оқыту, тірек сигналдары, еркін таңдау идеясы, оза оқыту, жеке бағдарлы оқыту, модульдік оқыту, ұжымдық оқыту, проблемалық оқыту технологиялары кеңінен қолданылуда.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда ұстаздар қауымының жас ұрпақты біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай, олардың танымдық, шығармашылық, ізденімпаздық қабілетін дамыту барысында қазақ әдіскерлері Т.Ақшолақов, Қ.Тасболатовтың «Проблемалық оқыту», М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», Ж.Қараевтың «Білім беру жүйесінің ақпараттандыру технологиясы», СОРОС-Қазақстан қайырымдылық қорының «Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясы», Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін қалыптастыру, тұлғаны дамыту бағытында тағы басқа озық оқыту технологиялары қарқынды өсіп келеді [9; 14].

Тәуелсіз мемлекетіміздің озық елдер қатарында болуының негізгі бір басымдығы – мектеп пен жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесі алдына оқыту үрдісін жаңа технология элементтерін пайдалана отырып, дәрісте қолдануды талап етіп отыр. Қазіргі жаһандану заманында жаңа технологияның басты мүддесі – білім алушыны жай білімнен шығармашылыққа дейін көтермелеу. Сондықтан, қазіргі заманда жаңа технологиямен қаруланған педагогтердің жеке тұлғаны қалыптастыруда көп ұтары сөзсіз.

Фольклорды жоғары мектепте оқытудың заманауи технологиялары мен әдіснамалық аспектілері сол халықтың тарихи даму үдерісімен қабаттаса байланысып, олардың пайда болуы, халық арасына таралуы, хатқа түсуі, ғылыми айналымға енуі, мектеп бағдарламасына ілігуі, жоғары оқу орындарында оқытыла бастауымен өзара тығыз байланыста білімгерге жеткені жөн. Қазақ фольклорының үлгілерін халықтың тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, тарихи оқиғаларымен бірлікте қарастырған орынды болмақ [10; 3].

Әдебиетті оқытудың басты мақсаты – оқырманды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы – әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа, т.б. тәрбиелеу [11; 4].

Фольклорды жоғары мектепте оқытудың заманауи технологияларын қолдану арқылы қазақ халқының тарихи санасын жаңғырту, оның ұлттық бірегейлігін қалыптастыру және мемлекетшілдік идеяны арттыру көзделді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Назарбаев Н. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Жолдау. 2017 жыл, 31 қаңтар.
2. Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. Қазақ фольклоры. – Алматы: ССК, 2019. – 288б.
3. Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: «Арда», 2011, - 475 б.
4. Қазақ фольклористикасының тарихы: (революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.
5. Сергеев В.П. Управление образовательными процессами: Программно-методическое пособие. – Москва, 2001.
6. Никитченков А.Ю. Система взаимосвязей в структуре подготовки педагогов начального образования по теории и методике преподавания фольклора. Вестник ПСТГУ, IV: Педагогика, психология. Вып. №2 (25). – Москва, 2012. С.42-54.
7. Подготовка учителя в структуре уровневого образования: Коллективная монография / Под ред. В.Л.Матросова. Москва, 2011.
8. Габдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: «Мектеп», 1974.
9. Акманова Г.Р. Орта мектепте Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларын оқыту әдістемесі. Пед. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010.
10. Әбілқасымова К., Тамәев А. Қазақ фольклористикасы. – Алматы: «Білім», 2007. -240 б.
11. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. Өңделіп, толықтырылып, үшінші басылуы. I-III том / Оқу-әдістемелік құрал / – Өскемен. «Рекламный Дайджест», 2015. -292 бет.

*References:*

1. Nazarbayev N. Kazakstannin ushinshi jangyruy: jahandyq basekege qabiletilik. Zholdau. 2017 jil, 31 qantar.
2. Qasqabasov S.A., Aimuhambet J.A. Qazaq folklori. – Almaty: SSK, 2019. – 288 b.
3. Folklor jane qazirgi qazaq adebiyeti. – Almaty: «ARDA», 2011, - 475 b.
4. Qazaq folkloristikasinin tarihi: (revolyutsiyaga deyingi kezen). – Almaty: Gylım, 1988. – 432 b.
5. Sergeev V.P. Upravleniye obrazovatelnyimi protsessami: Programno-metodicheskoe posobyе. – Moskva, 2001.
6. Nikitchenkov A.Yu. Sistema vzaimosvyazei v structure podgotovki pedagogov nachalnogo obrazovaniya po teoriyi i metodike prepodavaniya folklore. Vestnik PSTGU, IV: Pedagogika, psihologiya. Vyp. №2 (25). – Moskva, 2012. S.42-54.
7. Podgotovka uchitelya v structure urevnevogo obrazovanya: Kollektivnaya monografya / Pod red. V.L. Matrosova. – Moskva, 2011.
8. Gabdullin M. Qazaq halqinin auyz adebiyeti. Jogary oqu orindarinin studentterine arналgan oqu quraly. – Almaty: «Mektep», 1974.
9. Akmanova G.R. Orta mektepte Shakarim Qudayberdiuly shygarmalarin oqitu adistemesi. Ped. gil. kand. gylymi darejesin alu ushin dayindalghan dissertasiyanin avtoreferaty. – Almaty, 2010.
10. Abilqasymova K., Tamayev A. Qazaq folkloristikasy. – Almaty: «Bilim», 2007. -240 b.
11. Bitibayeva Q.O. Adebiyetti oqytudyn innovatsiyalyq adistemesi ven tehnologyasy. Ondelip, tolyqtyrylyp, ushynshy basylyu. I-III tom / Oqu-adistemelik qurql / – Oskemen: «Reklamnyi Daydjest», 2015. -292 b.